



ХҒТАР 03.81

Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2616-6887-2025-152-3-363-374>

Армян жазуының дала көшпелілері өкілдері тарапынан қолданылу ерекшеліктері

Т. Молдабай*¹ , Б.С. Жиёмбай 

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

(E-mail: talgatmoldabay@mail.ru, zhiyembay_bibigul@mail.ru)

Аңдатпа. Мақалада дала көшпелілерінің белді өкілі саналатын қыпшақтардың қолданған армян жазуы мәселесіне тоқталып, жазу тарихындағы орны анықталады. Қыпшақтардың армян жазуын қолдану кезеңдері талданып, нақты жазба ескерткіштер тілі негізінде жазудың қызметі жазу тарихы ғылымы мен мәдениеті шеңберінде қарастырылды. Шығыс Еуропа мен Қырымдағы армян-қыпшақ жазба ескерткіштеріне қысқаша сипаттама беріліп, осы ескерткіштердің тіліне қатысты пікірлер талданады. Армян жазу таңбаларының қыпшақ тілі фонологиясы негізінде қолданылу ерекшеліктері, жазу таңбалары мен фонологиялық байланысы ашып көрсетіледі. Осы мәтіндермен жұмыс істеген ғалымдардың еңбектеріне шолу жасалып, олардың мәтінмен жұмыс барысында транслитерация, транскрипция жасау кезіндегі мәселелеріне талдау жүргізіледі. Қыпшақтардың армян жазуын қолдану кезеңдерін зерттеу тіл тарихындағы жаңа деректерді ашады және бұл жазу жүйесінің функционалдық ерекшеліктерін түсінуге мүмкіндік береді. Армян-қыпшақ жазба ескерткіштерінің тіліне қатысты пікірлердің талдауы ғалымдар көзқарастарының жан-жақты екенін көрсетеді және олардың зерттеу әдістерінің дамуын бейнелейді. Ғалымдардың транслитерация және транскрипцияға қатысты туындаған қиындықтары қазіргі филологияның өзекті мәселелерінің бірі ретінде қарастырылады.

Түйін сөздер: армян-қыпшақ жазуы, әліпби, жазу тарихы, түркі халықтары, қыпшақ, Төре бітігі, Қырым.

Кіріспе

Армян жазуы V ғасырда дінбасы Месроп Маштоц тарапынан жасалған армян әліпбиі негізінде қалыптасты. Бұл жазу өзінің даму сатысы барысында үш кезеңнен өтті: көне армян жазуы (V-XI ғ.), орта армян жазуы (XII-XVI) және жаңа армян жазуы (XVII-қазіргі

Түсті: 12.12.2024; Мақұлданды: 25.09.2025; Онлайн қолжетімді: 30.09.2025

363

¹хат-хабарға жауапты автор

уақытқа дейін). Грабан (жазу тілі) терминімен аталған көне армян жазуы кезеңінде христиан дінінің негізгі кітабы Інжілдің аудармалары мен түсініктемелері жазылды. Кейіннен тарихи шығармалар мен деректер осы жазумен жазыла басталды.

Орта армян жазуы дәуірі ХІІ ғасырдың басында әдеби жазба тілі мен халықтың қолданып жүрген тілінің арасындағы тілдік айырмашылық негізінде пайда болды. Бұл өз әсерін жазу тілінде де көрсете бастады. Кликияда негізі қаланған армян бектігінің күшеюіне байланысты жазу жүйесі де тілдік негізде аздаған өзгерістерге икемделді және халық тарапынан белсенді қолданыла бастады. Осы кезеңде ресми құжаттар Орта армян әдеби жазба тілі негізінде жазылды, ал діни орындар мен басқа елдердің қол астындағы армян диаспоралары көне армян жазба тілін қолданды. Бұл уақыт өте келе армян тілінің түрлі диалектілерінің қалыптасуына жол ашты. Бұл диалектілердің ішінде батыстық Константинополистік диалектісі мен шығыстағы Арарат диалектісі басымдыққа ие болатын [1].

ХІХ ғасырда көп армяндар тарапынан түсініксіз тілге айналған грабар жазба тілінің толықтай қолданыс аясынан шығып, орнына жаңа барлық армян жазба әдеби тілінің «ашхарабар» (халық тілі) қабылдануымен ерекшеленді. Осы мақсатта «Грабайкар» (жаңа жазба әдеби тілі үшін күрес) атты қозғалыс армян халқының атақты филологы А. Айдынянның «Ашхарабар немесе заманауи армян тілінің критикалық грамматикасы» атты еңбегі негізінде жүргізілді. Осылайша ашхарабар (жаңа армян жазба тілі) 1920 жылдардан кейін жаппай қабылданып, армян халқының ресми тілі, білім, оқу орындары мен ғылымда қолданылатын заманауи жазба тілі ретінде өз даму жолын жалғастырды.

Жалпы армян тілі шығу тегі тұрғысында үнді-еуропа тілдері жанұясына жатқызылғанымен, бұл тіл тобында жеке дамыған тіл саласы ретінде ерекшеленетін жеке дара тіл саналады. Құрылымдық тұрғыда армян тілінің Орал-Алтай тіл тобындағы түрік тілдеріне ұқсастығы да байқалуда [1, 152]. Әсіресе армян тілінің түбірге жалғау жалғану арқылы түрлену қасиеті, жалғамалы тіл ерекшелігін көрсетуде. Бұл армян тілінің тарихи кезеңдерде көптеген тілдермен байланысына, олармен кроссмәдени әсерінен туындаған болуы да ықтимал.

Құман қыпшақтары ретінде танылған, ислам деректерінде қыпшақ, батыстық деректерде куман, орыс деректерінде половец этнонимімен аталған қыпшақтар негізінде ХІІІ ғасырда құрылған куман және қыпшақ тайпалары бірлестігі негізінде құрылған конфедерациялық тайпалар одағы еді [2, 104]. Ұйғыр дәуірі ескерткіштерінен Шинэ-Усу жазуында Түрік қағанатын құрған түріктер үшін қолданылған Түр(к) (Қы)бшақ [3, 134; 4] ретінде оқылған этнонимнен басқа осы кезеңдерге тиесілі деректерде қыпшақ этнонимі мүлде кездеспейді. Қыпшақтар тарихи кезең ішінде Еуразия құрлығы, Шығыс Еуропа, Африкаға дейін таралған. Еуразия құрлығының осы қыпшақтар өмір сүрген далалық аймағы ислам деректерінде Дешті қыпшақ, ал батыс әлемінде Кумания (Cumania) деп аталды. Қыпшақтар осыншама кең аймаққа жайылғанымен, саяси тұрғыда орталықтанған күшті мемлекеттік жүйе құра алмады. Өздеріне тән жазуы болмағанымен, қыпшақ тілінде біраз жазба ескерткіштер бар. Бұл жазба ескерткіштердің басында қыпшақ тіліне қатысты көптеген деректер келтірілген Махмұт Қашқаридің «Диуани лұғат ит-түрк» еңбегінің орны ерекше. Одан кейін ХІV ғасырдың басында неміс және италиялық дінбасылар тарапынан қолға алынған, христиан дінін жаю мақсатында Қырымда латын жазуымен жазылған «Кодекс Куманикус» (1303) еңбегі бар. Бұл еңбек тек сөздік ғана емес, қыпшақ тілінің ерекшелігін таза сақтаған, қыпшақ мәдениетінен,

әдебиетінен мысалдар келтірілген маңызды еңбек. Бұл еңбектің Рим бөлімінде (Италия) латын-парсы-қыпшақ тілдерінде әліпбилік, тақырыптық екі сөздік, қыпшақ тілінің грамматикасына қатысты жазбалар бар. Неміс тілінде жазылған бөлімде қыпшақ-неміс, қыпшақ-латын тілдерінде екі сөздік, Інжілден аудармалар, католик ағымындағы діни баяндар, латын тілінен аударылған мәтіндер бар [5; 6].

XIV-XV ғасырларда Еуразия аймағында қыпшақтардан қалған жарлықтар, Жошы ұлысы кезеңіне тиесілі діни мәтіндер, Солтүстік Кавказ, Қара теңіз аймағынан Сирияға барған қыпшақтардың тіліне қатысты Халил бин Мухаммедтың Китабы Межмуи Тержуманы Түрки ве Ажеми ве Мугали, Әбу Хайяның Китабыул Идрак лиЛисаны ил Етраксияқты еңбектер [7; 8], Сейфи Сарайдың Гүлістан аудармасы сияқты әдеби еңбектер [9], Иршадұл Мүлүк вес Селатин, Китабы фил Фикх би Лисанит Түрк, Мукаддиметул Газневи фил Ибадат, Китабы Мукаддима и Ебүл Лейси с Семерканди [10, 382-398; 11, 67-69] сияқты әскери тақырыпта жазылған еңбектерді атап өтуге болады. Дегенмен жоғарыда айтылған XIV ғасырда жазылған Кодекс Куманикус пен XVI-XVII ғасырда жазылған аталмыш армян жазуымен жазылған қыпшақ тіліндегі хронологиялық, діни, құқықтық құжаттар жиынтығы қыпшақ тілінің ең көне, тілдік тұрғыда таза сақталған жазба мұралары деп білеміз.

Зерттеу әдістері мен материалдары

Зерттеу жұмысында алға қойған мақсатқа жету үшін жалпы ғылыми әдісте, оның ішінде жалпыдан жекеге, жекеден жалпыға жүйелеу және жіктеу (классификациялау) әдісін, тарихи деректер негізінде талдау әдістері қолданылды. Зерттеудің негізгі нысаны дала көшпелілерінің жазу мәдениеті тарихына үңіліп, дереккөздер мен материалдарға нақты сілтемелер беру арқылы тарихи деректанымдық тұрғыда талдау жасалды. Түрлі жазу таңбаларын қолдану барысында оның ұлттық фонологиялық ерекшелік пен үйлесімділігін, жазу тарихы ғылымы тұрғысынан қарастырып, жазу таңбаларының этникалық тілге қызметі талданды.

Нәтижелер мен талқылаулар

Армян Баграти мемлекетінің XI ғасырда (1064) құлауы негізінде армяндар Кавказдың солтүстігіне көшіп Қырымға орналаса бастады [12, 598-621]. 1239 жылы моңғол әскерлерінің Ани қаласын басып алуы Армяндардың осы аймаққа тағы бір үлкен көшіне себеп болған еді. Осылайша XIII ғасырда Қырым түбегінде армян колониялары пайда болды және сол кезеңде кейбір жазбаларда Қырым мен Азов теңізін Армения Магна (Армян аралы), Армения Маритима (Армян теңізі) деген атаулармен жазыла бастады [13, 157-158; 14, 74-87]. Осылайша шамамен XI ғасырда басталған қыпшақ-армян байланысы XIII ғасырда екі халықтың бір-бірімен үйренісіп, ықпал ете бастаған кезеңі болса керек. Кефе, Судак, Гюзлебе, Ақмешіт (Симферополь), Инкерман (Севастополь) сияқты қалалар армяндардың негізгі орналасқан қалалары болды. Осы қалаларда қыпшақ, армян байланысы қатты дамып, кроссмәдени байланыстар ошағына айналды. XV ғасырдың екінші жартысында осы аймақтағы армян этносының саны 35-40 мыңнан асқаны жазылады. Осы кезеңде жергілікті қыпшақ тілі армяндар мен қыпшақтардың ортақ ауызекі тіліне айналып, шіркеулерде де кеңінен қолданыла бастады. Армян-қыпшақ

колониялары құрлықтық Киев, Лутск, Владимир сияқты ірі қалаларда да пайда бола бастады. Армян-қыпшақ колонияларының әсерін Каменец-Подольскийдағы Қасиетті Николай Армян Григорян шіркеуіндегі жазбадан түсінуімізге болады. Бұл шіркеудің маңдайшасында аталмыш құрылыстың 1398 жылы Ыстанбұлдан шыққан армяндардан Хутлыбей ұлы Синан тарапынан қаржыландырылып салынғандығы жазылған. Бұл армяндардың этникалық тобы кейіннен Осман империясының Кефе (1475) қаласын алғандығына байланысты Украина аймағына ойысып, Каменец-Подольск, Львов қалаларына орналасады. Львовтағы армян-қыпшақ колониясы осы қаланың ортаға шығуымен тікелей байланысты болған сияқты. Бұл жердегі армян-қыпшақтар сауда-саттықпен, мемлекеттік қызмет және әскери қызметтер атқарғандығын, салыққа қатысты жазбалардан, аймаққа қатысты басқа да деректерден біле аламыз [15, 7-17; 16, 6-7].

Мхитар Гоштың Украинадағы армян сотында армян тілінде жазылып, 1918-1919 жылдары поляк патшасының өтініші бойынша латын тіліне, кейін поляк тіліне, 1523 жылы қыпшақ тіліне аударылған «Армянский судебник» кітабының қыпшақ тіліндегі нұсқасы «Төре бітігі» аталынды. Львовтағы осы соттан басқа епископ басқаратын діни сот та 1444-1734 жылдар аралығында діни істер, неке және мұрагерлік мәселелерімен айналысты [16, 6-7].

Армян-қыпшақтарға қатысты ғылымда екі көзқарас қалыптасқан. Бірінші көзқарас бойынша армяндар ұзақ жылдар бойы қыпшақтармен байланысы негізінде олардың тілін үйреніп, кейіннен өздерінің Қырым түбегіне көшуі нәтижесінде XIII-XVI ғасырдан бастап толықтай жергілікті халықтың және сауда-саттықтың тілі болған куман қыпшақ тілін қабылдауы негізінде қалыптасты деген көзқараста [15, 9; 17, 7; 14, 131].

Александр Гаркавец армян географиясында басталған армян-қыпшақ байланысының армяндардың Дон, Қырым, Бессарабия аймақтарына көшуімен тіптен артқандығын алға тартып, осы армяндардың сауда-саттық, іс қағаздары және діни байланыстарда қыпшақ тілін қолданғандығын, сонымен қатар жергілікті қыпшақтардың да христиандық дінін қабылдап армяндармен араласып кеткендігін айғақтайтын құжаттардың бар екендігін алға тарта отырып, екі этностың араласқандығы негізінде пайда болған полиэтникалық құрылым деген пікірде [16, 7].

Ал белгілі түркітанушы Герард Клоссон қыпшақтардың өте ерте кезеңнен бастап армяндардың дінін қабылдап, дін негізінде армян жазуын қолданғанын айтады. Осы қыпшақтар кейін Қырым, Дон аймағына орналаса бастаған кезде армян жазуын қолдануды жалғастырған, тіптен дамытып, жаңадан христиандық дінін қабылданғандарға үйреткен деген пікірде. Себебі, қолданылған тілдегі негізгі сөз қорының қыпшақ тіліне тиесілі екендігін алға тартады. Егер бұлар қыпшақ тілінде сөйлеген армяндар болса, олардың сөздік қорында армян тіліндегі сөздер көбірек болуы керек еді дейді [17, 8-9]. Бұл халық өздері қолданған тілдерін жергілікті поляк тілінен, славян тілінен (украина) айыру үшін татар тілі немесе біздің тіл деп анықтама берген [15, 9; 17, 7; 14, 131]. Ярослав Дашкевич Алтын Орда дәуірінен бұрын Қырымдағы қыпшақтар: орктодокс дінін ұстанатын урумдар, григорян негізді христиан дініндегі армян қыпшақтар, еврей дініндегі қарайлар және мұсылман дініндегі қыпшақтар болып төрт үлкен топқа бөлінген деп жазады. Сонымен қатар осы аймаққа сапар шеккен француз миссионері Галифотскийдің (XVI), италиян миссионері Антонио Мария Градскийдің (1537-1611), польша тарихшысы Мартин Кромердің (1512-1589), неміс Йоган Алнпехтің жазбаларына сүйене отырып бұл жерлерді мекен еткен готтардың, аварлардың, славяндардың,

черкестердің, кумуктардың, армяндардың барлығының қыпшақ тілінде сөйлескендігін, тіптен діни уағыздардың қыпшақ тілінде айтылғандығын алға тартып, бұл этностардың қыпшақ тілін мемлекеттік басқару және ұлтаралық қатынас тілі ретінде пайдаланғанына дәлел келтіруге болады [18, 79-82; 19].

IX-X ғасырларда Арменияда қыпшақтардың орналасуы және сол жердегі жергілікті халықтың дініне өтуі нәтижесінде армян-қыпшақ этностарының қарым-қатынастары басталады. Кейіннен 1239 жылы моңғол әскерлерінің Ани қаласын басып алуы және олардың қыпшақтарды өздерінің негізгі бәсекелестері ретінде жауығуы салдарынан осы аймақтағы қыпшақтар мен армяндар батысқа ығысып, Қырым түбегіне орналаса бастайды. Жергілікті қыпшақтардың ресми жазба тілі болмағандықтан, осы армян жазуын қабылдап, христиан дініне көптеп өте бастайды. Осылайша қыпшақ-армян қоныстары көбейіп, кроссмәдени байланыстар артады. Осылайша қыпшақ, армян этностарының араласуынан жаңа бір этникалық топ пайда болды. Бұлардың тілі қыпшақ тілі, діні христиан діні, жазуы армян жазуы еді. Осылайша осы аймақта қыпшақ тілінде, армян жазуымен жазылған жазба ескерткіштер пайда болды.

Армян жазулы қыпшақ тілінің тарихы. Армян жазуын қолданған қыпшақтар мен қыпшақ тілінде сөйлеген армяндар негізінде пайда болған кроссэтникалық мәдениет туындысының тарихын үш кезеңде қарастыруға болады: ауызша қыпшақ тілі кезеңі (XIII-XV); жазба тілдің қалыптасуы (XVI-XVII); қыпшақ тілі жойылу кезеңі (XVIII-қазіргі уақытқа дейін).

Ауызша қыпшақ тілі кезеңі (XIII-XV) осы аймақтағы қыпшақ текті халықтардың басымдығы негізінде ұлтаралық түсінік тілі ретінде қалыптасқан сыңайлы. Тарихта Шығыс Еуропадағы ғұн, куман, қыпшақ, қарай сияқты түрік тілінде сөйлейтін этностардың көптігі негізінде қалыптасты деп болжауға болады. Осы аймаққа сапар шеккен француз миссионері Галифотскийдің (XVI), италиян миссионері Антонио Мария Градскийдің (1537-1611) жазбаларынан осы жердегі славян, гот, поляк халықтарының қыпшақ тілінде сөйлейтіндігі деректерде келтірілген.

Жазба тілдің қалыптасуы (XVI-XVII) кезеңі қазіргі Украина жеріндегі Қырым, Каменец-Подольск, Львов аймақтарын қамтыған жерлерде қыпшақ тілі негізінде армян жазуын қолдану арқылы жазылған еңбектер пайда болды. Кеңестік түркітану мектебінде армян-қыпшақ тілді ескерткіштер деген атпен ғылымда белгілі болды. Біз қазір армян жазулы қыпшақ тілді жазба ескерткіштер деп атап жүрміз. Бір қызығы осы жазбаларда аталмыш тілді «қыпшақ тілі», «біздің тіл», «татар тілі» деп қолданады және армян тілін жеке «ермениң тили» деп көрсетеді. Демек «ермениң тили» (армян тілі) мен қыпшақ тілі екі бөлек дүние. Ал осындағы «татар» термині орыс княздіктері мен батыстың жалпы түрік текті халықтарға берген жалпылама атауы негізінде қалыптасса керек.

Армянский судебник (Армян заң жазбасы) кітабының қыпшақ тіліндегі нұсқасы «Төре бітігінде»:

Транслитерациясы: Tilinden ermeniniñ latingā ıxıargandır, latindān pol'skiygā, a pol'skiydān bizim tilgā, ıaıysı ki başlanıyır bu sözlār bilā (TB, 74).

Аудармасы: Армян тілінен латынға, латыннан, поляк тіліне, поляк тілінен біздің тілге аударылды. Міне (кітап) осы сөздермен басталады.

Түпнұсқа мәтіннің транслитерациясынан өздеріңізде байқап отырғандарыңыздай, «армян тілі» мен «біздің тіл» сөзінің айырмашылығын және «біздің тіл» деп отырған тілдің нақты қыпшақ тілі екенін байқау қиын емес.

Бұл жазба ескерткіште армян, поляк, славян тілдерінде сөздер кездескенімен, негізгі тілдік қордың қыпшақ тіліне тән екендігін барлық зерттеуші ғалымдар мойындайды. Ғылымда алғаш рет армян жазулы қыпшақ тілді жазба ескерткіштер жайлы 1912 жылы австриялық түркітанушы Фридрих вон Кралитц Грейфенхорст (1876-1932) жазды [20, 307-324]. Кейіннен бұл жазба ескерткіштермен Украиналық ғалымдар Крымский мен оның шәкірті Тимофей Иванович айналысты. Жазба ескерткішті мәтіндік тұрғыда зертеген Jean Denu, Lewicki/Kohnowa, Grunin, O.Присак, Эдуард Шудз, Герард Клоусон, Я.Дашкевич, Е.Трярский, А.Гаркавец, С.Құдасов сияқты ғалымдарды атай аламыз.

Армян әліпбиі. Түрк халықтары тарихи кезеңдерде түрлі жазулар қолданды. Алғашында өздерінің төл туындысы көне түрік бітіг жазуын қолданса, кейіннен соғды, ұйғыр, манихей, брахми, сириялық, араб, грек, армян, латын, славян жазуларын қолданды және кейбірін әлі күнге дейін қолдануда.

V ғасырда дін адамы болған Месроп Маштоц тарапынан ойлап табылған армян әліпбиі XIV ғасырдан бастап қыпшақ тілінде жазба ескерткіштерде, XVIII бастап түркі тілінде баспада қолданыла бастады. Армян әліпбиін шығыс еуропадағы армян-қыпшақтар ғана емес Осман империясы құрамындағы түріктенген ортодокс дініндегі грек текті түрік тілінде сөйлеген этникалық топ та діні негізінде армян жазуын киелі жазу санап, XX ғасырға дейін қолданып келген.

Жалпы армян жазуы фонологиялық тұрғыда жақсы қамтылған алфавиттік жазулардың бірі. Оның негізін қалаған М.Маштоц фонология мен жазу жүйесін жақсы түсінген адам болса керек. Сондықтан да бұл жазу ұзақ уақыт өзгеріссіз қолданылып, тек XI ғасырда «О» және «Ф» деген бір дауысты, бір дауыссыз таңба қосылды. Жалпы классикалық деп аталатын негізгі нұсқасында 38 таңба бар және оның 31 таңбасы дауыссыз дыбыстарды жазуға, 7 таңбасы дауысты дыбыстарды жазуға қолданылды.

Армян жазуымен жазылған қыпшақ мәтіндерінде армян әліпбиінің 38 әріп таңбасы қолданылып, олардың 31 таңбасы дауыссыз дыбыстарды жазуға, 7 таңбасы дауысты дыбыстарды жазуға қолданылған. Дегенмен осы жазуда қолданылған дауысты дыбыстардағы таңба саны қыпшақ тілінің фонологиялық ерекшелігін толық қамти алмағанын байқауға болады: «а» және «ә» дауыстылары армян жазуындағы Ա (бас әріп), и (кіші әріп) таңбасын қолданды. Алғаш мәтін бойынша жұмыс жасаған Жан Дени, Т.Грунин, Я.Р.Дашкевичтің транскрипциясында «а» және «ә» дыбыстарын ажырату қиын еді. Мысалы: *berma, emgak* [21].

«О» дыбысы екі таңбамен сөздің басында және ортасында немесе соңында орналасуына байланысты О және П әріп таңбаларымен таңбаланды. Мысалы: *ozon* сөзін жазу үшін екі түрлі таңба қолданылды. «и» дыбысын белгілеу үшін «П» және «и» таңбаларының бірігуінен туған «и» таңбасы қолданылды. Ал «ө» және «үй» дыбыстары армян тілінде болмағандықтан, бұл дыбыстарды «о» және «и» дыбыстарын белгілейтін таңбалармен белгіленді. Бұл өз кезегінде транскрипция жасауда қиындықтар туғызды. Мысалы: *koz* деп жазылып *köz* деп оқылды, *kun* деп жазылып *kün* деп оқылды, *korundi* деп жазылып *köründi* деп оқылды.

Бұл мәселе бұл ескерткіштерге мәтіндік талдау жүргізген ғалымдар үшін де қиындық тудырды. Мұны Жан Дени, Т.Грунин, Я.Р.Дашкевичтің [21] транскрипциясынан байқауға болады.

Осы мәтіндермен жүйелі және ауқымды зерттеу жүргізген А. Гаркавец өз еңбектерінде қыпшақ тілінің дыбыстық ерекшелігін ескере отырып, мәтіндердің транскрипциясын

осы тіл негізінде жасаған: köz (TB, 33), kün (TB, 35), köründi (TB, 38), könülük (TB, 43), yürāk (AKP, 130-131; TB, 22) bermā (AKP, 26/27), yürāk (AKP, 2), kendilāriniḡ (AKP, 121).

1-кесте. Армян жазу таңбаларының көрінісі

Армян-Қыпшақ ескерткіштеріндегі Армян жазу таңбаларының транслитерациясы, транскрипциясы және цифрлық мәні.

Ա	ա	aib	a, ä, â	аиб	а, ә, я	1
Բ	բ	pen	p	пен	п	2
Գ	գ	kim	k	ким	к	3
Դ	դ	ta	t	та	т	4
Ե	ե	yech	e, y-	йечь	е, й-	5
Զ	զ	za	z	за	з	6
Է	է	e	ē	э	е	7
Ը	ը	æt	ī (ə)	ыт	ы	8
Թ	թ	to	t'	то	т	9
Ճ	ճ	zhe	ž	же	ж	10
Ի	ի	ini	i	ини	і	20
Լ	լ	lyun	l	люн	л	30
Խ	խ	khe	χ	хе	х	40
Ծ	ծ	dza	dʒ	дза	дз	50
Կ	կ	gyun	g	гюн	г	60
Հ	հ	ho	h	хо	h	70
Ձ	ձ	tsa	c	ца	ц	80
Ղ	ղ	ghad	γ	ғад	ғ	90
Ճ	ճ	dzhe	dʒ	дже	ж	100
Մ	մ	men	m	мен	м	200
Յ	յ	hi	j	хи	й, -	300
Ն	ն	nu	n	ну	н	400
Շ	շ	sha	š	ша	ш	500
Ո	ո	wo	o, ö	уо	о, ө	600
Չ	չ	cha	č	ча	ч	700
Պ	պ	be	b	бе	б	800
Ջ	ճ	dche	č	дче	ч	900
Ռ	ր	ra	r	ра	р	1000
Ս	ս	se	s	се	с	2000
Վ	վ	vev	v	вев	в	3000
Տ	տ	dyun	d	дюн	д	4000
Ր	ր	re	r	ре	р	5000
Ց	ց	tso	ç	цо	ц	6000
Խ	խ	hyun	w	хюн	у, ү, в	7000
Փ	փ	pyur	p'	пюр	п	8000
Զ	զ	ke	k'	ке	к'	9000
Օ	օ	o	o, ö	о	о, ө	
Ֆ	ֆ	fe	f	фе	ф	

Қорытынды

Түрк халықтары өз тарихында өздерінің төл туындысы көне түрік бітіг жазуынан бастап, соғды, ұйғыр, манихей, брахми, сириялық, араб, грек, армян, латын, славян жазуларын қолданды және кейбірін әлі күнге дейін қолданып келеді.

IX-X ғасырларда Арменияда қыпшақтардың орналасуы және сол жердегі жергілікті халықтың дініне өтуі нәтижесінде армян-қыпшақ этностарының қарым-қатынастары қалыптасты. Кейіннен 1239 жылы Шыңғыс хан әскерлерінің Ани қаласын басып алуы және олардың қыпшақтарды өздерінің негізгі бәсекелестері ретінде қарауы салдарынан осы аймақтағы қыпшақтар батысқа ығысып, Қырым түбегіне орналаса бастады. Жергілікті қыпшақтардың ресми жазба тілі болмағандықтан, армян жазуын қабылдап, христиан дінін қабылдай бастады. Осылайша қыпшақ-армян қоныстары көбейіп, кроссмәдени байланыстар арта түсті. Қыпшақ, армян этностарының араласуынан жаңа бір этникалық топ пайда болды. Бұлардың тілі қыпшақ тілі, діні христиан, жазуы армян жазуы еді. Армян жазуы XIV ғасырдан бастап қыпшақ тілінде жазба ескерткіштерде, XVIII бастап түрік тілінде баспада қолданыла бастады.

Ғылымда армян-қыпшақ жазба ескерткіштері деген атпен танылған жазбалардың тілінің қыпшақ тілі екендігінде ешкімнің таласы жоқ. Бұл мұраны қалдырған этнос жайлы ғылыми көзқарастарды талдай келе мұраның қыпшақтарға тиесілі екеніне күмән келтірмейміз және армяндардың да үлесі бар екенін мойындау қажет. Себебі қолымызда бар деректер, яғни осы өңірлерге саяхат еткен миссионерлердің жазбаларындағы деректер осыған саяды.

Армян жазуының қыпшақ тіліне қызметі барысында қыпшақ тілінің фонологиялық талаптарын толық қамтамасыз етпегенімен, жазу мәдениеті тұрғысында өз орны бар. Халық жазуды қолдану барысында тілдік ерекшелігіне икемдеп, кей әріп таңбаларына фонетикалық мән жүктеп, тиімді пайдалана білген. Бұл таңбалардың дұрыс оқылуын сөздегі жуан және жіңішке дауысты дыбыстарға, үндестік заңдылығы негізінде ажыратып отырған.

Қаржыландыру. Мақала ҚР БЖБМ тарапынан қаржыландырылатын AP23488017 «Армян жазулы қыпшақ мәтіндерін транскрипциялау, транслитерациялау және тәржімалау (түпнұсқа дереккөздері негізінде) жобасы аясында дайындалды.

Авторлардың қосқан үлесі.

Молдабай Т. – зерттеудің тұжырымдамасын әзірлеу, теориялық негізді қалыптастыру;

Жиёмбай Б.С. – ұсыныстар және редакциялау жұмысы, мақаланы техникалық талапқа сай рәсімдеу.

Әдебиеттер тізімі

1. Ачарян, Р. (1940) История армянского языка. Ереван: Ереван. гос. ун-та, с. 608.
2. Гумилев, Л.Н. (1967) Древние тюрки. Москва, с. 504.

3. Кляшторный, С.Г., Султанов, Т.И. (1992) Казахстан: летопись трех тысячелетий. Алма-Ата: Рауан, с. 378.
4. Сартқожаұлы, Қ. (2007) Байырғы түрік жазуының генезисі. Алматы: Арыс, б. 304.
5. Gronbech, K. (1942) Komanisches Wörterbuch: Türkischer Wortindex zu Codex Cumanicus. Monumenta Linguarum Asiae Maioris, Subsidia 1, Kopenhagen: Munksgaard, p.3 14
6. Drimba, V. (2000) Codex Comanicus: édition diplomatique avec fac-similés. Editura Enciclopedică, p. 462.
7. Caferoğlu, A. (1931) Abu Hayyân. Kitab al-Idrak li-lisan al-Atrak. İstanbul, s. 25.
8. Ermers, R. (1999) Arabic grammars of Turkic: the Arabic linguistic model applied to foreign languages & translation of 'Abū Ḥayyān al-'Andalusī's Kitāb al-'idrāk li-lisān al-'Atrāk, Brill, p. 435.
9. Karamanlioğlu, A.F. (1989) Seyf-i Sarayî Gülistan Tercümesi (Kitab Gülistan bi't Türkî). Türk Dil Kurumu: Ankara, s. 544.
10. Ercilasun, A.B. (2008) Başlangıçtan Yirminci Yüzyıla Türk Dili Tarihi. Ankara: Akçay, s. 447.
11. Eckmann, J. (1996) Memlûk Kıpçakçasının Oğuzcalaşmasına Dair. Türk Dil Kurumu. Ankara, S. 67-73.
12. Grousset, R. (2005) Başlangıçtan 1071'e Ermenilerin Tarihi (Çeviren Sosi Dolanoğlu). İstanbul: Aras yayıncılık, S. 598-621.
13. Lewicki, M., Kohnowa, R. (1957) Le version turque-kiptchak du Code des lois des Armeniens polonais d'après le m. No 1916 de la Bibliothèque Ossolineum', Rocznik Orientalistyczny, T. XXI, Wiesbaden, pp. 153-300.
14. Pritsak, O. (1959) Das Armenisch-Kiptschakische. Philologiae Turcicae Fundamenta. Wiesbaden, 1, pp. 74-87.
15. Deny, J. (1957) L'armeno-Coman Et Les "Ephemerides" De Kamieniec (1604-1613). Wiesbaden, Otto Harrassowitz, p. 96.
16. Гаркавец, А.Н. (2002) Кыпчакское письменное наследие. Каталог и тексты памятников армянским письмом. Том 1. Алматы: Дешт и Кыпчак, с. 1084.
17. Clauson, S.G. (1971) Armeno-Qipčaq, Rocznik Orientalistyczny, 34, 2, pp.7-14.
18. Дашкевич, Я.Р. (2013) Армяно-Кыпчакский язык XV-XVII вв. в освещении современников, Вопросы языкознания, 5, стр.79-92.
19. Дашкевич, Я.Р. (2013) Армяно-Кыпчакский язык: этапы истории, Вопросы языкознания, 1, стр. 91-107.
20. Kraelitz-Greifenhorst F. (1912) Sprachprobe eines armenisch-tatarischen Dialektes in Polen, Wiener Zeitschrift für die Kunde des Morgenlandes, 26, pp. 307-324.
21. Дашкевич, Я.Р., Трыярска Э. (1977) Пять армяно-кыпчакских документов из Львовских коллекций (1559-1669 гг.). Warszawa: Komitet Nauk Orientalistycznych PAN. Rocznik Orientalistyczny, XXXIX, 1, стр. 85-132.

Т. Молдабай, Б.С. Жиёмбай

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Особенности использования армянской письменности представителями степных кочевников

Аннотация. В статье рассматривается вопрос армянской письменности, использовавшейся кыпчаками, которые считаются видными представителями степных кочевников, и определя-

ется ее место в истории письменности. Проанализированы этапы использования армянской письменности кипчаками, на основе языка конкретных письменных памятников рассмотрена функция этой письменности в рамках науки о истории письменности и культуры. Даны краткие характеристики армянско-кипчакских письменных памятников Восточной Европы и Крыма, проанализированы мнения, касающиеся языка этих памятников. Исследованы особенности применения армянских графем на основе фонологии кипчакского языка, а также соотношение письменных знаков и фонологических единиц. Проведен обзор трудов ученых, работавших с этими текстами, и проанализированы проблемы, возникающие у них при выполнении транслитерации и транскрипции в процессе работы с текстом. Изучение этапов использования армянской письменности кипчаками открывает новые данные в истории языка и дает возможность понять функциональные особенности этой системы письма. Анализ мнений относительно языка армянско-кипчакских письменных памятников демонстрирует многогранность взглядов ученых и отражает развитие их исследовательских методов. Трудности, с которыми сталкиваются учёные при транслитерации и транскрипции, рассматриваются как одна из актуальных проблем современной филологии.

Ключевые слова: армяно-кыпчакская письменность, алфавит, история письма, тюркские народы, кыпчаки, Төре бітігі, Крым.

T. Moldabay, B.S. Zhiyembay

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Peculiarities of the use of Armenian script by representatives of steppe nomads

Abstract. The article examines the issue of the Armenian script used by the Kipchaks, who are recognized as prominent representatives of the steppe nomads, and establishes its place in the history of writing. The study analyzes the stages of the Kipchaks' use of the Armenian script and based on the language of specific written monuments, explores the function of this script within the disciplines of writing history and cultural studies. It provides a brief overview of Armenian-Kipchak written monuments from Eastern Europe and Crimea and critically reviews scholarly opinions concerning the language of these monuments. The research investigates the distinctive features of Armenian graphemes as applied to the phonology of the Kipchak language, examining the relationship between the writing signs and phonological units. An extensive review of the work of scholars who have engaged with these texts is presented, along with an analysis of the challenges they faced during transliteration and transcription processes. Studying the periods of Armenian script usage by the Kipchaks uncovers new linguistic data and allows for a deeper understanding of the functional characteristics of this writing system. The analysis of differing scholarly perspectives on the language of Armenian-Kipchak monuments highlights the complexity and diversity of academic approaches and reflects the evolution of research methodologies. The difficulties encountered by researchers in transliteration and transcription are identified as significant ongoing issues within contemporary philology.

Keywords: Armenian-Qypchak script, alphabet, history of writing, Turkic peoples, Qypchak, Tore bitigi, Crimea.

References

1. Acharjan, R. (1940) Istoriya armyanskogo yazyka. Erevan: Erevan. gos. un-ta, s. 608. [in Russian]
2. Gumil'ov, L.N. (1967) Drevnie tyurki. Moskva, s. 504. [in Russian]
3. Klyashtornyj, S.G., Sultanov, T.I. (1992) Kazahstan: letopis' treh tysjacheletij. Alma-Ata: Rauan, s. 378. [in Russian]
4. Sartkozhaýly, K. (2007) Bajyrgy tyrik zhazuynyn genezisi. Almaty: Arys, b. 304. [in Kazakh]
5. Gronbech, K. (1942) Komanisches Wörterbuch: Türkischer Wortindex zu Codex Cumanicus. Monumenta Linguarum Asiae Maioris, Sundsidia 1, Kopenhagen: Munksgaard, p.314. [in Turkish]
6. Drimba, V. (2000) Codex Comanicus: édition diplomatique avec fac-similés. Editura Enciclopedică, p. 462. [in Turkish]
7. Caferoğlu, A. (1931) Abu Hayyân. Kitab al-Idrak li-lisan al-Atrak. İstanbul, s. 25. [in Turkish]
8. Ermers, R. (1999) Arabic grammars of Turkic: the Arabic linguistic model applied to foreign languages & translation of 'Abū Ḥayyān al-'Andalusī's Kitāb al-'idrāk li-lisān al-'Atrāk, Brill, p. 435. [in Turkish]
9. Karamanlioğlu, A.F. (1989) Seyf-i Sarayî Gülistan Tercümesi (Kitab Gülistan bi't Türkî). Türk Dil Kurumu: Ankara, s. 544. [in Turkish]
10. Ercilasun, A.B. (2008) Başlangıçtan Yirminci Yüzyıla Türk Dili Tarihi. Ankara: Akçay, s. 447. [in Turkish]
11. Eckmann, J. (1996) Memlûk Kıpçakçasının Oğuzcalaşmasına Dair. Türk Dil Kurumu. Ankara, S. 67-73. [in Turkish]
12. Grousset, R. (2005) Baslangictan 1071'e Ermenilerin Tarihi (Çeviren Sosi Dolanoğlu). İstanbul: Aras yayıncılık, S. 598-621. [in Turkish]
13. Lewicki, M., Kohnowa, R. (1957) Le version turque-kiptchak du Code des lois des Armeniens polonais d'après le m. No 1916 de la Bibliotheque Ossolineum', Rocznik Orientalistyczny, T. XXI, Wiesbaden, pp. 153-300. [in Turkish]
14. Pritsak, O. (1959) Das Armenisch-Kiptschakische. Philologiae Turcicae Fundamenta. Wiesbaden, 1, pp. 74-87.
15. Deny, J. (1957) L'armeno-Coman Et Les "Ephemerides" De Kamieniec (1604-1613). Wiesbaden, Otto Harrassowitz, p. 96.
16. Garkavec, A.N. (2002) Kypchaskoe pis'mennoe nasledie. Katalog i teksty pamjatnikov armjanskim pis'mom. Tom 1. Almaty: Desht i Kypchak, s. 1084. [in Russian]
17. Clauson, S.G. (1971) Armeno-Qipčaq, Rocznik Orientalistyczny, 34, 2, pp.7-14.
18. Dashkevich, Ja.R. (2013) Armyano-Kypchakskij yazyk XV-XVII vv. v osveshhenii sovremennikov, Voprosy yazykoznanie, 5, str.79-92. [in Russian]
19. Dashkevich, Ja.R. (2013) Armjano-Kypchakskij jazyk: jetapy istorii, Voprosy jazykoznanie, 1, str. 91-107. [in Russian]
20. Kraelitz-Greifenhorst F. (1912) Sprachprobe eines armenisch-tatarischen Dialektes in Polen, Wiener Zeitschrift für die Kunde des Morgenlandes, 26, pp. 307-324.
21. Dashkevich, Ja.R., Tryjarski Je. (1977) Pyat' armyano-kypchakskih dokumentov iz L'vovskih kolekcij (1559-1669 gg.). Warszawa: Komitet Nauk Orientalistycznych PAN. Rocznik Orientalistyczny, XXXIX, 1, str. 85-132. [in Russian]

Авторлар туралы мәлімет:

Молдабай Т. – хат-хабарға жауапты автор, PhD, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Жиембай Б.С. – PhD, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Молдабай Т. – автор для корреспонденции, PhD, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Жиембай Б.С. – PhD, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Moldabay T. – Corresponding author, PhD, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Zhiyembay B.S. – PhD, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).